

Адилжанова У.Р., Алиева Б.А.

білім беру магистрлері, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және
әлем тілдер университетінің оқытушылары, Қазақстан, Алматы қ.,
e-mail: umit04@mail.ru, baglan-20@mail.ru

МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫ ДАҒДЫЛАНДЫРУДА ДИАЛОГТЫҚ ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Берілген мақалада мәдениетаралық қатынас жағдайында диалогтық оқытуды және диалогты қолдану мәселелерін ағылшын тілі сабағында қолдану.

Бұл мақалада мәдениетаралық қарым-қатынас тұрғысынан интерактивті оқытудың әртүрлі түрлерін қалай қолдану керектігі қарастырылады. Сондай-ақ, Сатаде диалогтың әр түрлі түрлері талқыланады. Бұл мақалада оқушылар онлайн-оқыту технологиясын қолданудың өзекті мәселелерін талқылайды, бұл студенттерге оқу үрдісінде табысқа жету жағдайын жасауға және олардың мотивациялық, интеллектуалды және басқа да салаларын дамытуға жағдай жасайды. Оқытушының және студенттердің ынтымақтастығы мен белсенді жұмысы студенттердің жетістіктерін айқындайтын әмбебап дағдыларды қалыптастыру мен дамытуды қамтамасыз етеді. Интерактивті оқуды пайдалану оқушылардың оқу тиімділігін айтарлықтай арттырады.

Оқытушы мен студент өзара әрекеттесетін интерактивті оқыту – ағылшын тілін оқытудағы ең тиімді технологиялардың бірі. Интерактивті оқыту – танымдық белсенділікті ұйымдастырудың ерекше түрі. Нәтижесінде, оқу процесі барлық оқушылар оқу процесіне қатысады, олар оқып, біледі, олар біледі және бағалауға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: интерактивті оқыту, когнитивті үрдіс, мәдениетаралық қатынас, интерактивтілік ұстаным, коммуникациялық дағды, мәдениеттер ерекшеліктері.

Adilzhanova U.R., Alieva B.A.

Masters of education, Teachers Abylai Khan Kazakh University
of International Relations and World Languages, Kazakhstan, Almaty,
e-mail: umit04@mail.ru, baglan-20@mail.ru,

The importance of dialogue teaching in forming intercultural communication

This article covers the issues of teaching and using dialogue in the context of intercultural communication. Also the article discusses the using of different types of dialogue.

This article examines how to apply different types of interactive learning in the context of intercultural communication. Also, there are discussed different types of dialogue. This article discusses the current problems of using online learning technology, which is the creation of conditions for students to experience a situation of success in the process of learning activities and developing their motivational, intellectual and other spheres. The cooperation and active work of the teacher and students ensures the formation and development of universal skills that determine the success of the student's activities. The use of interactive learning greatly increases the effectiveness of student learning.

Interactive learning, during which the teacher and the student interact, is one of the most productive technologies in teaching English. Interactive learning is a special form of organizing cognitive activity. The bottom line is that the learning process is organized in such a way that almost all students are involved in the process of learning, learning, they have the opportunity to understand and evaluate what they know.

Key words: Interactive training, cognitive processes, intercultural communication, principle of interactivity, communicative skills, cultural peculiarities.

Адилжанова У.Р., Алиева Б.А.,
магистры образования, преподаватели Казахского университета
Международных отношений и мировых языков имени Абылай хана, Казахстан, г. Алматы,
e-mail: umit04@mail.ru, baglan-20@mail.ru

Важность использования диалогового обучения и формирования межкультурно-коммуникативной компетенции

В данной статье рассмотрены вопросы, как можно применить разные виды диалогового обучения в контексте межкультурной коммуникации. Также в статье обсуждаются разные виды диалога. В данной статье рассмотрены актуальные проблемы использования диалоговой технологии обучения, которое является созданием условий для переживания учащимися ситуации успеха в процессе учебной деятельности и развития их мотивационной, интеллектуальной и других сфер. Сотрудничество и активная деятельность преподавателя и обучающихся обеспечивают формирование и развитие универсальных умений, определяющих успешность деятельности обучающегося. Использование диалогового обучения значительно повышает эффективность обучения обучающихся.

Диалоговое обучение, в ходе которого осуществляется взаимодействие преподавателя и обучаемого, является одной из наиболее продуктивных технологий при обучении английскому языку. Диалоговое обучение – это специальная форма организации познавательной деятельности. Суть состоит в том, что учебный процесс организован таким образом, что практически все учащиеся оказываются вовлечёнными в процесс учения, познания, они имеют возможность понимать и оценивать то, что они знают.

Ключевые слова: интерактивное обучение, когнитивный процесс, межкультурная коммуникация, принцип интерактивности, коммуникативные навыки, особенности разных культур.

Кіріспе

Диалогтық оқыту оқу үрдісінің кез-келген уақытта, сабақтың қандай формасында болмасын қолданылады. Негізінен диалогтық оқытуды шектетіп сабақ мақсатына жету мүмкін емес беп ойлаймын. Кез келген сабақ коммуникациялық байланыс арқылы өткендіктен, диалогтың қай түрі болмаса да сабақ барысында қолданылуы міндетті. Диалог дегеніміз М. Бахтиннің айтуынша, оның әмбебап философиялық мағынасында сөйлесу, адам мен оның барлығын түсінудің таным және өмір сүру форматы деп түсінуге болады (Passov E.I., 1998: 8).

Психологиялық тұрғыдан қарағанда *диалог* – бұл шынайы сезімталдықтан тыңдау, барлық қатысушыларды құрметтеу, қауіпсіздік, мін айтуды тоқтата тұру, шыншыл тергеу, батыл сөйлеу, жорамалдарды ашу және ашу туралы бірлескен шығармашылық ой. Бұл қызығушылық, ынтымақтастық, шығармашылық, ашу және білім беру, ынталандыру, бәсекелестік қорқыныш пен қақтығыс емес. Диалог – бұл қарым-қатынастың жалғыз симметриялық түрі. Диалог сенімді қарым-қатынастан туындайды (Dmitriyeva E.I., 1998: №1).

Лингвистикада диалог ақпарат алмасудың ең тиімді және шынайы түрі ретінде қарастырылғандықтан, адамдар арасындағы қарым-қатнас тек тақырып аясындағы мағлұмат алу не

беру ғана есем, қатынасқа түсіп отырған адамның мәдениетімен, салт-санасымен таныстығын білдіретін бірден бір құрал. Әр ұлттың міденіеті, салты, дүние танымы мен қабылдауы әрқалай болғандықтан, түсініспеушілік туындаудың алдын алу мәдениетаралық қарым-қатынасты қалыптастыру маңыздылығы туындайды. Демек, мәдениетаралық қарым-қатынасты басшылыққа ала отырап, мәдениет, салт-дәстүр, әдет-ғұрыппен ұштастыратын болсақ, диалогтық оқытудың маңыздылығын арта түсетінін түсінеміз.

Тәжірибе

Негізінен диалогты әңгіме деп қарастырсақ, Мерсер бойынша үш түрге бөлінеді; зерттушілік, кумулятивті, әңгіме-дебат (Mercer, N. 1995:25). Зерттеушілікнегізделген пікірлер айтылып, диалогтың барысында сұраққа жауап беру арқылы, жауаптан сұрақ туындауы, әрбір пікір құнды идея ретінде бағалану кезінде болатын диалог. Кумулятивті әңгіме бір адамның пікірімен келісе беру, яғни, пікір таласқа түспеу. Бұл көп жағдайда тиімсіз болады деп ойлаймын. Себебі, диалогқа қатысушы адамдар арасында тек бір жақты пікір қалыптасып қалады. Әңгіме-дебат диалогқа қатысушылардың арасында пікір алмасуға, талқылауға, тұжырым жасауға мүмкіндік беретін оқыту түрі (Mercer, N., & Littleton, K. 2007:210). Шет тілі оқытушысы

ретінде диалог сабақ барысында тек сұрақ- жауап не болмаса ақпарат алмасу мен пікір алмасу ғана емес, мәдениет аралық қарым-қатынасты реттеуші, дамытушы және қалыптастырушы ретінде де қарастырамын. Мәдениет аралық қарым-қатнастың негізінде екі тіл мен ұлттың немесе мемлекеттің арасында көзге көрінбетін, бірақ қатнас кезінде байқалатын ымыралық пен байланыс түзеледі. Әр ұлттың немесе елдің өзіне тән ерекшелігіне, әлемді қабылдау қасиеттеріне сыйластығынды көрсете отырып, өз елінің ерекшелігі мен ескеретін тұстарын білдіре алған да ғана мәдениет аралық қатнастың қалыпы жасалынады. Сол себепті академик С.С. Құнанбаеваның мына тұжырымдамасын басшылыққа алу қажеттілігі туындайды: «Қарым-қатынастағы серіктестің әлеуметтік-рухани және ұлттық ерекшелігін білу, осы этнос мәдениетінің бірегей ерекшеліктерінің сол тілінде бейнелеуі, тілдің мәдениетаралық қарым-қатынас құралы ретінде толық пайдаланылуын қамтамасыз етеді және қарым қатынасқа түсушілердің өзара түсінісудің міндетті шарты болып табылады» (Құнанбаева С.С. 2017:17). Яғни, тілдің өзі мәдениеттің бөлінбес бөлшегі ретінде өз мәдениетімен таныстыра отыра, оқып жатқан тілдің мәдениетінің ерекшеліктерін ескере отырып қолдануды қалыптастыру маңызыдылығы мен шынайы қарым-қатнаста пайдасы қарастырылған.

Диалогтық оқыту кез келген сабақта қолданылатын болғандықтан, сабақ жоспарында міндетті түрде тақырып аясында, мәдениет аралақ қатнасқа бағытталғаны мақсат пен міндет болуы шарт. Тәжірибеде қолданыста, сабақтың басында түрткі сұрақтар арқылы оқытушы-студент арасында диалог жүргізіледі. Түрткі болу: түрткі болуға арналған сұрақтар бірінші жауап алу үшін және студенттің жауабын түзетуге көмектесу үшін қажет, айталық, сұрақты қарапайым етіп қою, өткен материалға оралу, ойға салу, дұрысын қабылдау және толығырақ жауап беруге итермелеу. Сынақтан өткізу: сынақтан өткізуге арналған сұрақтар студенттерге анағұрлым толық жауап беруге, өз ойларын анық білдіруге, өз идеяларын дамытуға көмектесетіндей етіп құрылуы қажет, сондай-ақ «Сіз мысал келтіре аласыз ба?» деген сияқты сұрақтар тапсырманы орындау барысында оқушыға бағдар беріп отырады. Басқаға бағыттау: сұрақты басқа оқушыларға қайта бағыттау, мысалы, «Көмектесе алатындар бар ма?» (Maslow, A. 1968:25). Яғни, студенттердің тақырып бойынша ой тудыруы,

болжау жасай алуына, негіздеме беруіне, мысал келтіруіне, дәлел айтуына себеп болатын сұрақтар. Негізгі мақсаты студенттерге миға шабуыл жасау немесе жаңа тақырыптың мазмұнын ашу не болмаса, ел арасындағы тақырыптың айналасында ерекшеліктер мен ұқсастықтарын талқылау кезінде қолданылды. Мысалы, 1-курс студенттерімен «Саяхат» тақырыбында сабақ жүргізгенде, кіріспе кезінде жалпылыма саяхат туралы білімдерін, қызығушылықтарын білуге бағытталған сұрақтар немесе тақырып аясында мақал-мәтелмен не болмаса көркем сөздердің мағынасын ашу арқылы басталады. «East or West Home is best» мақалының саяхатқа қандай қатысы бар екенін анықтап, студенттердің осы тақырып бойынша тағы қандай нақыл сөздер айта алатынын және олардың қандай мағына беретіні туралы талқыланды (Artamonova L.A., Arkhipova M.V. 2012:125). Негізгі бөлімінде мәтінмен жұмыс тиімді болады. Бұл жерте мәтін тыңдау арқылы немесе жазбаша мәтін арқылы беріледі. Мәтінмен жұмыс істеу кезінде, оқу алдында, оқу барысында және оқу аяқталғанда берілетін тапсырмалар болады. Мәтін берілмей тұрып тек тақырыбы аталды да, студенттерден қандай саяхат түрлерін білетіні сұралды (Aliev ZG. 2004:25). Студенттердің кез келген жауабы бұл кезеңде қате болып саналмайды, ерег де бір сахат түрі аталса, бірақ мәтін арасында болмаса. Екінші, оқу барысында берілетін сұрақтар мен тапсырмалар мәтіннің жалпы мағынасын түсінуге және фактілерді есте сақтауға, сонымен қатар, жаңа сөздермен танысуға негізделген. Маңызды кезең болып соңғы оқудан кейінгі саналады. Алдыңғы қабылданған материалдар мен ақпараттардың негізінде студенттер тұжырымдама жасау, ой тую, салыстыра білу, қорытындыға келу сияқты тапсырмалар орындайды. «Саяхат түрлері» туралы мәтіннің мазмұнын біліп, түсінгенін тексеруге арналған сұрақтардан кейін, берілетін сұрақтар нағыз диалогтық оқытуда, шынайы әлеуметтік-мәдени қарым-қатнасты қажет ететін бөлімі болып санлады. Мысалы, «Мәдени туризм мен діни туризмнің айрмашылығы неде? Қай туризм түрі спорттың әр түрлерін қолдануға мүмкіндік береді?» деген сияқты сұрақтармен бақыланса, қолдануға арналған «Сіз қай саяхат түрі бойынша сапар шегер едіңіз? Неге? Дәлелдеме мысал келтіріңіз. Кіммен бірге баратын едіңіз? Неге? Досыңызға қай түрін кеңес беретін едіңіз? Неге? Сіз баратын елде қандай мәдени, әлеуметтік ерекшеліктер бар? Қандай стереотиптер қалыптасқан? Мәдени шокқа

қарсы тұру үшін қандай шаралар қолдану керек?» деген сұрақтар студент-студент, оқытушы-студент арасындағы сұрақ жауаптар жүргізілді (Aleksandr, R. 2004:14). Бұндай диалог негізінде топтағы әр студенттің саяхатқа көзқарасын, жеке қабілетін ескере отырып өз қалауларын ортаға салу, қажет жағдайда негізделген кеңес беру, пікір алмасу, мәтінге талдау жасау және саяхат түрлеріне қарай елді таңдай білу мен сол елдің ұлттық, мәдени және табиғи ерекшеліктері туралы ақпарат алу іске асады.

Эксперимент

Келесі кезекте диалогтық оқытудың әңгіме-дебат түріне назар аудара отырып «Бұқаралық ақпарат құралдары» тақырыбының «Журналисттер танымал адамдардың өмірі туралы емес, талантты туралы айту керек» деген тақырыпта дебат ұйымдастырылды (Aliev ZG. 61-71). Тәжірибе жүргізілген топ 2-курс студенттерін екі шағын топтарға бірлесіп, бір топ берілген тұжырымдаманы жақтап *affirmative team*, екінші топ даттап *negative team* болып шықты. Әр топта төрт студенттен, екі студент төреші, бір студент жүргізуші болып сайланды. Әр сөйлеушіге уақыт регламенті екі минуттан және сұрақ-жауапқа үш минуттан берілді. Соңында төрешілер екі жақтың уәждерін тыңдап болғанна кейін, өз ойларын дәлелдемелермен білдіре отырып, қай топтың уәжі басым екенін анықтап айтып беру қажет болды. *Negative team*, яғни тұжырымдамамен келіспеген топтың дәлелдері мен келтірілген фактілері сенімдірек деп шешіп сол топ жеңіске жетті (Artamonova L.A., Arhipova M.V. 2012:14). Бұл жерде интерактивті байланыс студенттердің қарым-қатынасында журналисттердің жұмысын ғана талқыламай, Ұлыбритания еліндегі журналисттердің жұмысына ерекше қатынасын, сол елдегі халықтың танымал адамдарға деген көзқарасын да айқындай түседі. Және сол танымал адамдардың халық арасында неліктен ерекшелініп алынғаны мен сол елде құндылықтар қалай қабылданатынын да қарастырып кетті. Журналистика саласындағы мәдениет пен тіл мәдениеті арасындағы байланыстың маңыздылығы мен қазіргі кезде осы түсініктердің құндылығының деңгейін, қоғамға бұқаралық ақпарат құралдарының әсері, жахандану үрдісіне тигізген пайдасы мен зияны туралы да тілге тиек етілді.

Дебаттың мақсаты студенттердің берілген тақырыпты жетік меңгеру, өз ойларын еркін жеткізе алу, тақырып бойынша сөздік қорды да-

мыта шынайы өмірде қолдана алу, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, дәлелдемелерін сенімді түрде келтіре білу, берілген дәлелдемелерге тез, әрі нақты жауап қайтара білуді дағдыландыру, оқып жатқан тіл елінің бұқаралық ақпарат құралдарын қалай пайдаланатыны туралы жалпы мағлұмат алуға бағытталған (Mercer, N. 1995:240). Сонымен қатар төреші және жүргізуші студенттерден әділ шешім қабылдау, ойын жинақы айту, уақытты басқара білу, тақырып туралы мәліметтер білетінін білдіру, ұйымдастырушылық қабілетін көрсете білуін де талап етілді. Дебат барысында тек әңгіме – дебат қана емес, зерттеушілік түрі де іске асты. Дебатқа дайындық кезінде студенттер сөздерін нақты дәлел, фактілерге сүйене келтіру керек болғандықтан сенімді ресурстардан ақпарат жинақтауға және оны сараптап, талдай келе қажет тұстарын қолдануға тырысты. Сонымен бірге, сұрақ-жауап арқылы сұхбат та жүргізілді (Mercer, N. 1995:102). Әңгіме-дебат өткізу тиянақы дайындықты, терең білімді, тілдік шеберлікті талап еткендіктен әр студент өз бетінше және топпен бірлесе дайындықты қажет етеді. Бұл ретте академик С.С. Құнанбаева «Қарым-қатынастың интерактивті жағы өзара әрекеттесу барысында ауызша ақпарат алмасу ғана емес, бірлескен іс-қимылдарды жоспарлау және жүзеге асыру нысандары болуы мүмкін өзара қарым-қатынас жасау ұйымы ретінде түсініледі» деген тұжырымдамасы іске асады (Kunanbaeva S.S. 2017:25).

Диалогтық оқыту жоспарға сәйкес жүргізіледі дегенмен, кей кезде өздігінен сабақ үрдісіне еніп кететін кездер де болады. Сұрақтан жауап, жауаптан сұрақ туындағып отыру немесе айтылған пікірге қарсы ой айту кездерінде диалог шынайы және жемісті болмақ. Негізінен студенттер пікір алмасу кезінде бір-біріне аяқ асты туындайтын сұрақтар кезінде болады немесе ойлары сәйкес келмейтінін сұрақ арқылы білдіріп отырады. Осындай жағдайда туындаған диалогтық оқыту сабақ жоспарынан ауытқу жасатқанмен, сабақты түрлендіре, қызық болуына септігін тигізіп жатады. Осындай жағдай дебат барысында да болды (Mercer, N., & Littleton, K. 2007:102-104). Топ мүшелері алдын ала дайындалған сұрақтарын емес оппоненттің дәлеліне қарай бейімдеп, түрткі кей кезде логикалық сұрақтар қойды. Атап айтсақ «Сіз қалай ойлайсыз...? Егер осындай жағдай болғанда не істейтін едіңіз? Неге осылай жасады деп ойлайсыз? Басқа елде осылай болса бідің елде қалай?» деген сияқты сұрақтарға жауаптар қарастырылды.

Студенттердің өз бетінше тұжырымдама жасап, қорытындыға келуіне итермелейтін бұл сұрақтар студенттердің ой жинақтауын қалыптастырады. Аяқ астынан туындаған сұрақтарға жауап беруші де дайындықсыз, тез және ұтымды жауап беру керек болды. Яғни сабақ үрдісі сұрақ қоюшы жағынан да, жауап берушіден де сұрағы мен жауабына сәйкес белгілі бір деңгейде тілдік дағдыларды дамыта түседі деп ойлаймын.

Нәтиже мен талқы

А. Маслоудың 5 қажеттілік деңгейінде адамның жоғарға қажеттіліктері 4 және 5 деңгейлерінде айқын көрінеді.

4-деңгей. Басқалардың мойындауы, тануы мен сыйлауына ұмтылу қажеттілігі – өзін қоғамның бір бөлігі деп есептейтін адамның басқалардың біркелкі деңгейінен жоғары шығып, өзінің ерекшеліктері мен артықшылықтарын көрсетуге ұмтылуы, басқалардың өзін нағыз тұлға ретінде мойындауын қажет етуі.

Бұл мотивация кәсіби шеберлікті шыңдауға, көшбасшылыққа, махаббатқа, марапатқа, мадақ алуға, абырой-даңқ пен билікке ұмтылудан көрінеді. Қызметкер, студент, мекеме өз қатарының алды, ең үздігі болуға, бірінші болуға ұмтылады.

5- деңгей. Өзін-өзі жүзеге асыру қажеттілігі – рухани даму мен кемелдену, оның жаңа жолдарын іздеу, ізгілікке ұмтылу, басқаларға жақсылық жасау, өзін-өзі және әлемді жақсартудың күнделікті қажеттілігі. Адам өзінің бүгінгі ахуалынан асып кеткісі келіп, үнемі кемелденудің жолдарын іздейді.

Алайда көп жағдайларда негіз құрайтын қажеттіліктер қанағаттандырылса да, адамда жоғарғы қажеттіліктердің пайда болмауы да мүмкін. Адамның алға ұмтылысына оның шыққан тегі, тәрбиесі, өмір сүру ортасы және басқа да әлеуметтік факторлар ықпал жасайды (Marie – Noelle Lamy, Regine Hampel, 2007:112-121).

Жалпы дебатқа дайындық пен дебат барсында студенттердің жұмысы мінсіз болады деп айтуға болмайды, дегенмен негізгі мақсатқа жетуге тырысу керек. Дебат сабағын қортындылай студенттерден сұрақ-жауаптың, диалогтың маңызы неде деген сұраққа өте жақсы жауап бере алды. Білім алушылардың шын өмірдің өзі диалогтық қарым-қатынастан тұрады деген тұжырымдамаға келді. Шет тілін оқу кезінде диалогтың кез келген түрінің маңызы зор екендігіне көз жеткізіп, мәдениетаралық байланыс орнату кезінде дұрыс сұрақтар қойылып, салмақты жауаптар берілуі

керек деген пікірлер айтылды. Сабақтың қай кезеңі қызықты және өте қызықты болды деген, көпшілігі зерттеу жұмыстарын жасаған қызықты болғанын, себебі өздеріне көптеген пайдалы ақпарат қорын жинағанын, ал өте қызықты деп сұра-жауап кезіндегі пікір талас деген жауап жиі кездесті. Ал бұқаралық ақпарат құралдары саласында тағы не білгіңіз келеді дегенде, өздерін журналитс ретінде көргілері келтінін, яғни тәжірибе алғысы келетінін білдірушілер көп болды. Кемшілігін айтатын болсақ, біріншіден уақыт дұрыс басқарылмай кетті, бір студент белсенділік танытпай отырды, тек сол студентке бағытталған сұрақ болғанда ғана қысқа жауап беріп отырды, кейбір кезде студенттер қажетті сөздерді қолдана алмай қалды (Dmitrieva E.I. // IYASH. 1998:15).

Бастапқыда қоятын сұрақтар ғана емес, студенттердің жауаптарымен мұқият танысқаннан кейін туындайтын сұрақтардың да маңызы зор. Диалогтік әңгімеде де оқытушы сұрақтары мен оларға берілген жауаптар, сонымен қатар, студенттердің де сұрақтары маңызды. Оқытушы студенттердің жауабын олардың білімдерінің деңгейін тексеру үшін ғана емес, сондай-ақ оларға өз ойларын анық білдіруге, дамытуға және кеңейтуге мүмкіндік беру үшін де пайдаланады. Яғни, жауап берушіні сын тұрғысынан ойлауға және өзінің ұстанымдарын қалыптастыруға бағыттайды. Әр студент болашақ маман, жеке тұлға екенін ескерсек, олардың кез-келген жауабы тұлға бойындағы ерекшеліктері мен қасиеттерін айқындайтын жіне нығайта түсетін мықты қару болып саналады. Маман ретінде кез-келген жағдайдан шығу жолында жылдам әрі дұрыс шешім қабылдау, сенімді болу және өз ойын нақты, анық жеткізе алу қабілеттерін дамыту кезінде нақ осы диалогтық оқыту, оның ішінде дебатпен пікір таластардың маңызы арта түседі.

Бар назарын студенттердің алдын ала белгілі жауапты табуға жетелеуге аударған оқытушылар, әдетте, олардың ақпаратты игеру үдерісін бақылаудан шығарып алады. Студенттерге жауап беруге уақыт беру керек және де мүмкін болса, бұдан кейінгі сұрақтар мен жауаптарды олардың сөздеріне орайластырып құрған дұрыс. Сұрақ қойылғаннан кейінгі кідіріспен қатар, көптеген зерттеулерде оқытушы оқушының жауабын алғаннан кейін де кідіріс жасау қажет екені атап көрсетілген.

Сонымен қатар, бұл жұмыста мынандай жұмыстар ұсынылған: білім беру бағдарламасының жүйесінде студенттерді оқытудың

инновациялық әдістері негізінде белсенді әдістер жататынын атап өтуге болады, олар мәдениетаралық қатысымда кәсіби қызметті түсінуде шығармашылық, инновациялық тәсілдерді қалыптастыруға, белгілі бір жағдайда оңтайлы шешім қабылдай алуға мүмкіндік береді. Үлкен тәжірибе кезінде кәсіби бағдарлы оқытуда мәдениетаралық қатысымда инновациялық әдістерді қолдану жоғары білікті мамандарды дайындау үшін қажетті шарт болып табылады. Шет тілін білім беруде әртүрлі әдістер мен белсенді оқыту тәсілдерін пайдалану студенттерге оқу-танымдық қызметке қызығушылық тудырады, бұл мәдениетаралық коммуникацияда дәлелді, Шығармашылық оқыту атмосферасын құруға және мәдениетаралық коммуникацияда шет тілді білім берудің қазіргі парадигмасында оқу, тәрбиелік, дамытушылық міндеттердің тұтас кешенін шешуге мүмкіндік береді (Academiq and Professional Publishing// New Books September-December-2017:125).

Топтық жұмыс екі принципке бөлінеді: бірі дифференциалды. Барлық іс-әрекеттердің біреуі бірдей жұмыс жасайды. Егер дифференциаленген болса – әртүрлі топтар жалпыға ортақ шеңбердегі әртүрлі тақырыптардан түрлі топтар жасайды. Жасөспірімдер тобына психологиялық тұрғыда қол жеткізуге болатын жағдайды түсіндіреді. Сәйкесінше, бұл топқа нақты топтаманы жасағандықтан, әрбір студенттің шетелде оқитын әртүрлі студенттерге тиесілі болуы керек. Мысалы, әңгімелесуге және бір-біріне қызығушылық танытатын топтарды құруға болады, сондай-ақ әртүрлі топтармен бөлісуге және

ұсынуға әр студенттің маңыздылығын ұсынуға болады.

Қорытынды

Осы кемшіліктерді ескере отырып, келешекте нақ осы қателіктерді қайталамауға жұмыс жасамақпын. Уақыттың дұрыс белгіленуін қадағалауға мән беру, белсенділікті өз деңгейінде көрсете алмаған студентпен жеке жұмыс жасау қажеттігі туындады. Студентпен осындай жұмыс жасаған кезде қандай бағытта тапсырма беру керектігі анықтауды, студенттердің тақырыпқа қатысты сөздік қорды дамыта, қолдануға дағдыландыруға мән беруді мақсат қылып қойдым. Мәдениетаралық қарым-қатынас ол – қажырлы еңбек пен үйренуге деген нақты дайындықты қажет ететін қиын да қызықты үрдіс. Ең негізгі назар мәдениеткетікелей қарайтындықтан, жеке тұлғаның қалыптасуына әсер ете алмайды: студент көп нәрсені танып, біліп алуы мүмкін, бірақ қоғам сұранысы мен қажеттігіне сай келуі күмән тудырарлық жайт. Сондықтан да мәдениетаралық қарым-қатынаста оқып үйреніп жүрген шет тілдің, сол тілде сөйлейтін елдің мәдениетін білмей, оны меңгермей тұрып, сол тілде біліктілікке қол жеткізу мүмкін емес. Басқа тілді қоғамда дұрыс жөн таба білу үшін сол елдің тілін білу аз, сол тілде сөйлейтін халықтың мәдениетін де меңгеру керек. Сондықтан да, осы мақалада мәдениетаралық қарым қатынасты дағдыландыруда диалогтық оқытудың маңыздылығы қаншалықты зор екенін көрсетуге тырыстық.

Әдебиеттер

- Коммуникативный метод обучения иностранному говорению: Е.И.Пассов. – М: Просвещение, 1998
- Основная методическая проблема дистанционного обучения иностранным языкам через компьютерные телекоммуникационные сети Интернет: Дмитриева Е.И. // ИЯШ. – 1998. – №1.
- Mercer, N. (1995). The guided construction of knowledge: talk amongst teachers and learners [Жетекшілікпен білім алу: мұғалімдер мен оқушылар арасындағы әңгімелер]. Clevedon: Multilingual Matters.
- Mercer, N., & Littleton, K. (2007). Dialogue and the development of thinking. A sociocultural approach [Диалог және ойлауды дамыту. Әлеуметтік мәдени тәсіл]. NY: Routledge.
- Кунанбаева С.С. Концептуалогические основы когнитивной лингвистики в становлении полиязычной личности, Алматы, 2017, 176
- «Мектептегі мұғалім көшбасшылығы» Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы мұғалімге арналған нұсқаулық,
- Maslow, A. (1968). Towards a Psychology of Being [Тұрмыстық психологиялық жолына қарай]. New York: Van Nostrand.
- Артамонова Л.А., Архипова М.В. Инновации в обучении английскому языку студентов неязыковых вузов // Вестник Нижегородского университета им. Н.И. Лобачевского. 2012. №2.
- Алиев З.Г. Проблемы использования компьютерных программ // Преподавание иностранных языков и культур: Теоретические и прикладные аспекты. Материалы международного научно-методического симпозиума. Пятигорск, 2004. С. 68-71.

References

- Aleksandr, R. (2004). Towards dialogic teaching: rethinking classroom talk [Dialogtik oqyty'jolynda: synyptag'y'a'n'gimelerdi qai'ta tu'siny']. Cambridge: Dialogos UK
- Aliev Z.G. (2004). Problemy ispol'zovaniya komp'yuternykh programm. [Problems of the use of computer programs.] Prepodavaniye inostrannykh yazykov i kul'tur: Teoreticheskiye i prikladnyye aspekty. Materialy mezhdunarodnogo nauchno-metodicheskogo simpoziuma. Pyatigorsk, 2004. S. 68-71. (In Russian)
- Artamonova LA, Arhipova M.V. Innovations in teaching English to students of non-linguistic universities // Bulletin of the Nizhny Novgorod University. N.I. Lobachevsky. 2012. № 2.
- Aqademiq and Professional Publishing//New Books September-December-2017
- Communicative method of teaching foreign speaking: EI Passov. – M: Education, 1998,
- Mercer, N. (1995). Talking amongst teachers and learners Clevedon: Multilingual Matters.
- Mercer, N., & Littleton, K. (2007). Dialogue and the development of thinking. A sociocultural approach, NY: Routledge.
- Marie – Noelle Lamy, Regine Hampel. Online communication in language learning and teaching. – New York, 2007. – P. 112-121.
- The main methodological problem of distance learning for foreign languages through computer telecommunication networks Internet: Dmitrieva E.I./IYASH. – 1998. – №1.